

Мемлекеттік кепілдіктер берудің тәртібі туралы нұсқаулық

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің 1995 жылғы 1 тамыз N 195 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 5 наурыз N 155 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2005 жылғы 3 маусымдағы N 211 Бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Заңға тәуелді актілерді жетілдіру бойынша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаменті (Д.В. Вагапов) қоса берілген тізбеде көрсетілген бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне белгіленген тәртіппен бір апталық мерзімде хабарласын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 3 м а у с ы м д а ғ ы
N 211 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің күшін жойған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Мемлекеттік кепілдіктер берудің тәртібі туралы нұсқаулық" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1995 жылғы 1 тамыз N 195 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1996 жылғы 5 наурызда N 155 тіркелген) . . .

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі бойынша
1995 жылғы 1 тамыздағы
N 195 бұйрығымен бекітілді

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Мемлекеттік кепілдіктер берудің осы тәртібі "Қазақстан Республикасының экономикасына шетелдік капиталды тарту саласында мемлекеттік басқару мен реттеудің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қаңтардағы N 2035 U952035_ Жарлығын орындау мақсатында қабылданған "Қазақстан Республикасына шетелдік несиелерді тарту жөніндегі жұмысты тәртіпке келтіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 8 ақпандағы N 139 P950139_ Қаулысына сәйкес жасалды.

2. Мемлекеттік кепілдік - займ алушы-Қазақстан Республикасының резиденті шетелдік кредитор алдындағы несиелік міндеттемелерін орындамаған жағдайда оларды өтеуге Қазақстан Республикасының атынан берілген міндеттеме.

2. МЕМЛЕКЕТТІК КЕПІЛДІКТЕРДІҢ НЫСАНЫ

3. Мемлекеттік кепілдік шетелдік кредиторға несиеге қызмет көрсетуге өкілеттігі бар банк арқылы беріледі.

4. Қазақстан Республикасының атынан берілетін мемлекеттік кепілдік жазбаша нысанда уағдаласушы тараптар қабылдаған тілде бір дана болып ж а с а л а д ы .

5. Мемлекеттік кепілдіктерге Қазақстан Республикасының атынан тек Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, болмаса оны алмастыратын адам ғ а н а қ о л қ о я а л а д ы .

6. Кепілдіктің сыртқы бетінде кепілдіктің нөмірі, кепілдік субъектісінің атауы және кепілдік берілетін келісім туралы деректер болады және ол кепілдіктің N 1 беті болып табылады. Кепілдіктің қалған беттері нөмірленуі және мынадай нысан бойынша куәландырылуы тиіс: әр беттің төменгі жағына "Кепілдік N #" деген жазу басылады, кепілдік берушінің мөрі басылып, өкілеттігі бар адамның қолы қойылады.

3. МЕМЛЕКЕТТІК КЕПІЛДІКТЕРДІ БЕРУДІҢ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

7. Мемлекеттік кепілдіктер Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасының сыртқы борышының бюджеттік лимиті шегінде ғана беріледі.

8. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері (бұдан әрі "Кепілдіктер") олардың берілу нысандарына қарамастан (тауарлық, инвестициялық, консигнация шарттарында, лизинг және т.б.) шетелдік қаржы институттары (банктер, халықаралық несие консорциумдары және т.б.) беретін несиелерге беріледі.

9. Үкіметтің шешімі және тапсыруы бойынша Қаржы министрлігі мемлекеттік кепілдіктерді несиелі ресурстарын мезгілінде қайтару және барлық ілеспе шығындарды төлеу жөніндегі міндеттемелерді қамтамасыз ететін қарсы кепілдіктерді және/немесе тиісінше ресімделген кепілдік шарттарын міндетті түрде берген жағдайда, тартылып отырған несиелі қызмет көрсететін банктермен шарттар жасалғаннан кейін береді.

Кепілдік тақырыбы Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес өндіріп алуға берілетін кез келген мүлік (үй-жайлар, ғимараттар, кәсіпорындар, негізгі қорлар, бағалы қағаздар, ақша қаражаты, валюталық құндылықтар, мүліктік құқықтар және т.б.) болуы мүмкін.

Қаржы министрлігі шетелдік әріптесі алдындағы міндеттемелеріне мемлекет кепілдігі берілген займ алушымен келісім (шарт) жасайды, онда республикалық бюджеттің қаржылары кепілдік міндеттемелерді қамтамасыз етуге пайдаланылған жағдайда олардың ақылы негізде қайтарылуын қамтамасыз етудің тәртібі, мерзімдері мен рәсімдері айқындалады.

10. Мемлекеттік кепілдіктерді Қаржы министрлігі банктің өкілетті өкілі банк сараптамасының оң қорытындысын, банктің қарсы кепілдігін және кепілдік берушінің шығындары толық қайтарылуын қамтамасыз ететін басқа да құжаттарды қоса тіркей отырып тапсырыс берген күннен бастап он бес күн ішінде ресімдейді.

11. Нысаны мен мазмұны шетелдік инвесторларға ұсынылатын мемлекеттік кепілдіктерге оның Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары мен халықаралық құқық нормаларына сәйкес келетіндігіне Әділет министрлігінен оң қорытынды алынғаннан кейін ғана қол қойылады.

12. Қаржы министрлігі берілген мемлекеттік кепілдіктерді тиісті куәлік пен қолданылып жүрген мемлекеттік кепілдіктердің тізімін бұдан былай жүргізуді ресімдей отырып тіркейді.

4. БЕРІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК КЕПІЛДІКТЕР ҮШІН АҚЫ ТӨЛЕУ

13. Мемлекеттік кепілдіктерді беру және тіркету үшін тартылғалы отырған несиелі қызмет көрсететін банктер немесе ақырғы займ алушылар кепілдік сомасының 2 % мөлшерінде алдын ала міндетті бір жолғы төлем төлейді.

14. Кепілдік міндеттемелері бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін Қаржы министрлігі республикалық бюджетте арнайы қор көздейді, оған мемлекеттік кепілдік алушы займ алушылар кепілдік бойынша ықтимал қауіп үшін жылдық 1 % мөлшерінде берілген мемлекеттік кепілдік валютасында төлемдер төлейді. Төлемдер тоқсан сайын, тоқсанның соңғы айының 30-жұлдызына дейін

жүргізіледі. Кепілдік берілген уақыт - проценттер төлеудің алғашқы есеп айырысу кезеңінің басталу уақыты. Бір жолғы және мерзімді төлемдер төленуге тиісті шотты кепілдік беру кезінде Қаржы министрлігі айқындайды. Проценттік төлемдер кепілдік сомасына есептеледі. Займ алушы (немесе ол үшін) мемлекеттік кепілдік бойынша негізгі борышты өтеуіне қарай кепілдікке төленетін проценттік төлемдердің есебін шығару үшін пайдаланылатын сома өтеу уақытынан өтеу сомасына кемітіледі. Ақырғы проценттік төлем мемлекеттік кепілдік толық өтелген тоқсан үшін жүзеге асырылады.

15. Ақырғы займ алушының ақша қаражаты болмаған жағдайда кепілдік бергені үшін бір жолғы төлемді және ықтимал қауіп үшін төленетін төлемдерді жүзеге асыру үшін Қаржы министрлігі соңғысымен борыш міндеттемесін (келісімін) жасайды, онда төлемдерді өтеудің мерзімдері мен схемасы, олардың бюджетке төлейтін проценті, міндеттемелерді бұзғаны үшін қолданылатын айып с а н к ц и я л а р ы а й қ ы н д а л а д ы .

Бұл төлемдер ақырғы займ алушылардың шоттарынан міндетті түрде а у д а р ы л у ы т и і с .

16. Мемлекеттік кепілдік күшіне енген кезде шетелдік инвесторға қарызды өтеу Қаржы министрлігі осы мақсаттар үшін көзделген республикалық бюджеттің арнаулы қорының қаржылары есебінен жүргізіледі.

17. Займ алушының ол үшін мемлекеттің кепілдік міндеттемелерін қамтамасыз етуге жұмсалған қаржыларды республикалық бюджетке қайтаруы жөніндегі міндеттемелері кепілдік бойынша шетелдік әріптеске алғашқы төлем төленген сәттен бастап күшіне енеді. Қайтару негізгі борыш пен ілеспе төлемдерді біртұтас ұлттық валютамен - қайтару сәтіндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің бағамы бойынша теңгемен өтеу нысанында жүзеге асырылады.

5. КЕПІЛДІКТІҢ ҚОЛДАНЫЛУ КҮШІНІҢ МЕРЗІМІ

18. Егер кепілдік берілгеннен кейін алты ай ішінде несиені игеру басталмаса және несие келісімінде өзгеше көзделмеген болса, Қаржы министрлігі берілген кепілдікті жою жөнінде шешім шығарады.

19. Кепілдікті жою туралы шешімге Қаржы министрі, болмаса оның о р н ы н д а ғ ы а д а м қ о л қ о я д ы .

Кепілдіктің жойылғаны туралы ақпарат қарызгер банкке беріледі.

20. Мемлекеттік кепілдіктің қолданылу күші ол арқылы қамтамасыз етілген міндеттеменің тоқтатылуымен бірге тоқтатылады, бұл ішкі займ алушыны оның міндеттемелерінің кепілдік өтеміне жұмсалған қаржыларды өтеуден босатпайды.

21. Қолданылу күші жоқ кепілдіктердің түпнұсқа даналары оларды алушылар

арқылы Қаржы министрлігіне қайтарылуға тиіс.

22. Кредитор (жеткізуші) ауыстырылған жағдайда бұл кепілдік жойылады. Жаңа кепілдік өзгерген жағдайларды ескере отырып, қайта қаралғаннан кейін берілуі мүмкін.

6. БАҚЫЛАУ

23. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі займ алушылар мен өкілетті банктердің шетелдік кредиторлар алдындағы мемлекеттік кепілдік берген міндеттемелерінің мезгілінде және толық орындалуына бақылауды жүзеге асырады.

24. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі өкілетті банктер мен займ алушылардың несиелерінде бюджеттен тыс көздерден жұмсау көзделген, кепілдік берілген төлемдердің орнын толтыруға бюджеттен жұмсалған шығындарды өтеу жөніндегі міндеттемелерінің атқарылуын бақылауды жүзеге асырады.

7. СЫРТҚЫ ҚАРЫЗДЫ ӨТЕУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

25. Займ алушыларға, сондай-ақ тартылып отырған несиелерге қызмет көрсететін және пайдаланылған шетелдік несиелерді мезгілінде және толық өтеу және оның ілесіміне шығындарын төлеу жөніндегі өзінің міндеттемелерін орындамайтын банктерге Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жасалған шарттар мен келісімдерде көзделген санкциялар қолданылады.